

**«Атырау облыстық паталого- анатомиялық бюросы» ШЖҚ КМК ұжымының
жалпы жиналыс
Хаттамасы
№1**

2023 жылғы «10» ақпан

Атырау қ.



"Бекітемін"
ХОНАБ директоры:
А.Р.Неткалиева
(қолы).
02 2023 ж.

Төраға-А.Неткалиева
Хатшы- Б.Мурсалимова

Қатысқан қызметкерлер:- Медицина және әкімшілік- шаруашылық қызметкерлері.

Күн тәртібі:

«Атырау облыстық паталого-анатомиялық бюросы» ШЖҚ КМК қызметкерлеріне, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2022 жылға арналған іс-шаралар жоспарының 26 тармағына сай, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі заңнамаларды түсіндірме жұмыстарын жүргізу.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша, директор А.Неткалиева хабарлама жасады: -

Құрметті әріптестер!

Сыбайлас жемқорлық қазіргі қоғамнан тұрақты түрде мұқият зерделеуді, жүйелі ұстанымды, кешенді және жедел қарсы іс-қимылды талап ететін жағымсыз құбылыс болып табылады. Елдегі сыбайлас жемқорлықтың деңгейі мен ауқымы экономикалық дамуға кедергі жасайды, инвестициялық ахуалға жағымсыз әсерін тигізеді, елдің имиджін, Қазақстан Республикасымен ынтымақтастыққа деген халықаралық қызығушылықты төмендетеді. Жемқорлық - мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Оның тамырына түбегейлі балта шаппайынша, мемлекетте тұрақты өсу-өркендеу болмайды. Осыған байланысты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдығы болып табылады.

Сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру маңызды.

Азаматтық қоғамда әр тұлғаның санасына құқықтық мәдениетті қалыптастыру аса маңызды болып табылады.

Сол себепті де біздің Атырау облыстық паталого- анатомиялық бюросында құқықтық мәдениетті одан әрі арттыру, түсіндіру, азаматтарды құқықтық оқыту мен тәрбиелеу жөнінде шаралар ұйымдастырылып келеді. Бүгінгі осы шарада сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі заңнамаларды түсіндіру және оқыту мақсатында өткізіліп отыр. Бұндай шаралар әрбір тоқсан сайын өткізіліп, онда сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамалардағы жаңа өзгерістер, толықтырулар бойынша түсіндіру жүргізілетіндігін хабарлаймын.

Заңгер Б.И.Мурсалимова кәсіпорын қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі заңнамаларды түсіндіру және оқыту іс-шараларын жүргізді.

Оқыту барысында 2015-2025 жж. арналған сыбайлас жемқорлықпен күресу стратегиясының құқықтық мәні туралы айтылып, сыбайлас жемқорлық бойынша түсіндіру –оқыту жүргізіліп, кәсіпорындасыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды болдырмау бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарды айтып өтті:

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңы 1998 жылдың 2 шілдесінде алғашқы рет қабылданып, кейін екі рет 2010 жылдың 29 желтоқсанында және 2015 жылдың 20 қарашасында өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

«Сыбайлас жемқорлық» түсінігі (латынша corruptio) — ақшаға сатып алу және саяси қайраткерлерді, мемлекеттік шенеуніктерді, лауазымдық тұлғаларды сатып алу дегенді білдіреді. Сыбайлас жемқорлық (лат.corruptio) біреуді ақшамен немесе басқа да материалдық құндылықтармен сатып алу.

Рим құқығында «corruptio» түсінігінің мағынасы – жалпылап айтқанда «сіндіру, бүлдіру, бұзу, зақымдау», «параға сатып алу» және сот процесінде заңсыз әрекеттенуді білдірді. Нәтижесінде мақсаты - сот процесіне немесе қоғамдағы істерді басқару процесіне бөгет болатын, бірігіп әрекет жасайтын (екі адамнан кем емес) тұлғалардың әрекеті деген түсінік пайда болады.

Ғылыми, оқу және қоғамдық публицистикалық әдебиеттерден сыбайлас жемқорлыққа әртүрлі анықтама алуға болады. Орыс тілінің түсіндірме сөздігінде сыбайлас жемқорлық пара беріп, сатып алу, лауазымды тұлғалардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипатталады.

Сыбайлас жемқорлық бұл жеке адамның немесе бір топ адамдардың қызмет жағдайын өз басының мүддесіне қарай пайдалануы және мемлекеттік қызметкерлердің қызмет бабын заңсыз пайда алуға бағыттауы.

Сыбайлас жемқорлыққа: паракорлық, непотизм (жеке байланыстар, немесе «өз адамдары» негізінде туысқандарын пайдалы орындарға немесе лауазымдарға орналастыру) және жеке бас мүддесі үшін мемлекет қаржысын иемдену кіреді.

Сыбайлас жемқорлық түсінігіне анықтама беруде әртүрлі көзқарастардың болуы осы құбылыстың өте күрделі мәселе екенін білдіреді және оны жан-жақты зерттеуді талап етеді.

Біздің түсінігіміз бойынша сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық категория ретінде лауазымдық тұлғалар мен қоғамның жекелеген мүшелері арасындағы үшінші тараптың мүддесіне зиян келтіре отырып, пайда алу мақсатында өз лауазымын пайдалану болып табылады.

Қазақстан ТМД елдерінің арасында алғашқылардың бірі болып осы келеңсіз құбылыспен күрестің мақсатын, міндеттерін, негізгі қағидаттары мен тетіктерін айқындаған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңды қабылдады.

2001 жылдан бастап Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар іске асырылуда, олардың шеңберінде сыбайлас жемқорлық көріністері пайда болуының себептері мен жағдайларын жою жөніндегі нақты шаралар қабылданды.

2014 жылы «Қазақстан-2050» Стратегиясы мемлекетіміздің жаңа саяси бағытындағы сыбайлас жемқорлықты ұлттық қауіпсіздікке тікелей қауіп-қатер қатарына қояды және мемлекет пен қоғамды осы келеңсіз құбылыспен күресте күш-жігерді біріктіруге бағыттайды. Жер-жерде ақпаратқа қолжетімділік кеңейтілді, оған электрондық үкіметті, сондай-ақ мемлекеттік және жекеше құрылымдардың интернет-ресурстарын қалыптастыру жөніндегі шаралар ықпал етті.

Қазақстанның жемқорлық мәселесі бойынша қағидаттық ұстанымын білдіретін еліміздің басты стратегиялық құжаты мемлекеттің алдағы жылдардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының негізі болып табылады.

Біздің Орталықтада Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 18 бұйрығымен бекітілген, Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары талаптарына сәйкес, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі бойынша талдамалық анықтама жасап, мекеме басшылығына ұсынылып отырады. ОПДО қызметкерлері, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша ынтымақтастық туралы ашық келісімге қосылды. Сыбайлас жемқорлықтың алдын –алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды таныстыру бойынша, ҚР –ның 2015 -2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы Стратегиясын қайталап өту бойынша қызметкерлердің жалпы жиналыстары өткізілді.

Азаматтардың сыбайлас жемқорлық фактілері туралы кедергісіз ақпарат алуы, оның ішінде мемлекеттік органдардың сенім телефондары мен веб-сайттары арқылы кедергісіз ақпарат алуы үшін жағдайлар жасалды. Атырау облыстық психикалық денсаулық орталығында, медициналық қызметкерлердің жұмыс барысында тәртібін, жұмыстарды сапалы атқаруын және жұмыс орындарындағы моральдық –психологиялық климатты жақсарту бойынша іс-шаралар жоспары жасақталды. Кәсіпорындағы барлық мемлекеттік сатып алулар, веб-портал арқылы жүргізіліп отыр. ҚР Еңбек заңнамаларына сәйкес, бос жұмыс орындары туралы мәлімет уақытылы ұсынылып отырылады. Өздеріңіз көріп жүргендей, арнайы стенд жасақталып, ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агентігінің Атырау облысы бойынша департаментінің жолдаған қазақ және орыс тілінде жазылған жадынамалары, басқа да көрнекі насихат плакаттары, ғимараттың көрнекі жерлеріне ілінген. Ақылы қызмет көрсету бойынша Атырау облыстық Денсаулық басқармасымен келісілген Ереже қабылданды.

Мемлекеттік сатып алуларды автоматтандыру деңгейі артуда, бұл бәсекеге қабілетті органның қалыптасуына, бюджет қаражатының ашық және тиімді игерілуіне ықпал етеді.

Хаттама жасақтаған:

Зангер



Б.И.Мурсалимова